

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ
AQPARAT JÁNE QOǴAMDYQ
DAMÝ MINISTRLIGI



МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ И
ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Nur-Sultan qalasy, Ministrlikter Úi
Mángilik El dańǵyly, 8, 15 kireberis tel.:
8 (7172) 74-11-78, 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

010000, город Нур-Султан, Дом Министерств
пр. Мәңгілік Ел, 8, 15 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-11-78, 74-13-12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

2020 жылғы 30 қыркүйектегі
№ ДЗ-143 сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары
«Ақ жол» ҚДП Парламенттік
фракциясының мүшелері
А. Перуашевқа
Б. Дүйсенбиновке
Е. Никитинскаяға
К. Абсатировқа
Д. Еспаеваға
Е. Барлыбаевқа
М. Қазбековаға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) жоғарыда көрсетілген сауалға сәйкес келесіні хабарлайды.

Телерадио хабарларын тарату саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру шеңберінде спутниктік және эфирлік телерадио хабарларын тарату қызметтерін енгізу бойынша біршама іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Мәселен, «OTAU TV» тікелей спутниктік хабар тарату қызметі бүкіл Қазақстан аумағын 100% қамтуды қамтамасыз етеді. Бұл қызметте қазіргі кезде 1,4 млн. пайдаланушы тіркелген, оның шамамен 80%-ын ауылдық елді мекендер құрайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында цифрлық эфирлік телехабар таратуға (бұдан әрі – *ЦЭТХТ*) кезең-кезеңімен көшу бойынша жұмыс жүргізілуде. ЦЭТХТ жобасына сәйкес 827 радиотелевизиялық станция (бұдан әрі – *РТС*) салу және жаңғырту жоспарлануда.

2020 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 518 РТС пайдалануға берілді, бұл Қазақстан халқының 89,3%-ын ЦЭТХТ-мен қамтуды қамтамасыз етті. 2020 жылдың соңына дейін тағы 24 РТС іске қосылады.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша қазіргі уақытта жоспарланған

183 ЦЭТХТ нысанының 118 РТС-і пайдалануға берілді, жалпы саны 1,2 млн. адамнан астам 625 елді мекенді қамтыды.

ЦЭТХТ енгізілуімен республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтары деңгейінде тұрғындарға 30-ға жуық, ал облыс орталығынан шалғай жатқан елді мекендерде 15-ке дейін теле арналар қолжетімді болды.

Қазіргі уақытта Министрлік ЦЭТХТ жобасын жүзеге асыру мерзімдерін 2022 жылға дейін ұзарту және одан әрі қаржыландыру мақсатында қаржы-экономикалық негіздемені түзету бойынша жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, халықты мемлекеттік радиохабар таратумен қамту аймағын кеңейту мақсатында 2018-2020 жылдар аралығында Министрлік тарапынан радиожиліліктерді бөлу бойынша конкурстар өткізілді. Нәтижесінде осы кезеңде 17 радиотаратқыш орнатылды, бұл шамамен 450 мың адам саны бар 170 елді мекенде (Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан и Түркістан облыстары) радио қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жалпылай айтқанда, қазіргі жағдайда қолданыстағы мемлекеттік радиохабар тарату желісі халықтың 88,7%-ын «Қазақ радиосымен», 64%-ын «Шалқар» радиосымен» қамтамасыз етіп отыр.



Дегенмен, шағын ауылдық елді мекендерде отандық радионың таралу деңгейі төмен екенін атап өту қажет. Мәселен, «Қазақ радиосы» бағдарламасымен ауылдық елді мекендердің 48%-ы, «Шалқар» радиосы» бағдарламасымен елді мекендердің 70% -тен астамы қамтылмаған.

Бұл ретте шекара маңындағы аудандар халқының кемінде 95% деңгейінде мемлекеттік радиохабар таратумен қамту үшін елеулі қаржылай шығындар талап етіледі. Осыған орай, халықты мемлекеттік радиотаратумен қамту аймағын кеңейту мақсатында одан әрі жүйелі жұмыс жүргізу үшін Министрлік тарапынан радиотаратуды кезең-кезеңімен дамытудың жол картасын әзірлеу жоспарлануда.

Құрметпен,

Министр

А. Балаева

 А. Орынбаева
 8 /7172/ 74-10-99